

Каспий өңірі «Болашақ» колледжі



ӘДЕП КОДЕКСІ

Жалпы ережелер

1. Каспий өңірі «Болашақ» колледжінің (бұдан әрі - Колледж) осы Әдеп кодексі (бұдан әрі - Кодекс) Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес Халықаралық Еңбек Ұйымының, Жарғының және басқа ішкі құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленген және Колледж қызметкерлерін басқаратын ережелер мен қағидалардың жиынтығы болып табылады.

2. Кодекстің мақсаты - Колледжде ұжымдық мәдениетті дамыту және мінез-құлықтың ең жақсы тәжірибелерін қолдану арқылы мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесуді қалыптастыру.

3. Колледж лауазымды тұлғалармен және қызметкерлермен, басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынас кезінде осы Кодекстің талаптары негізінде стратегиялық тұрғыдан да, күнделікті жағдайлар барысында да шешім қабылдау үшін басшылыққа алады және орындайды.

4. Кодексте келесі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

Этика - лауазымды адамдар мен қызметкерлерді өз қызметінде басқаратын әдептік қағидалар мен іскерлік жүріс-тұрыс нормаларының жиынтығы;

Мүдделі тұлға - заңдар мен жарғыда көрсетілген құқықтарды жүзеге асыратын тұлға;

Мүдделер қақтығысы - қызметкердің немесе лауазымды тұлғаның өздерінің жеке мүдделерін қызмет барысында пайдалануы немесе пайдалану мүмкіндігі;

Қызметкер - жұмыспен қамтылған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын адам.

1-тарау. Құндылықтар және этикалық принциптер

Негізгі құндылықтар:

- Меритократия (еңбегіңнің еленуі): әркімнің үлесі мен жетістіктерін бағалаудағы әділдік пен объективтілік;
- Құрмет: басқа топ мүшелеріне құрметпен қарау;
- Адалдық: серіктестеріңізге адал болу;
- Ашықтық: байланыстар мен серіктестерге ашықтық;

- Командалық рух: бірлескен қызметтен жақсы нәтижеге жету үшін ынтымақтастық;
- Сенім: өзара көмек пен сенім мәдениетін ұстану;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік.

1.2. Колледждің қызметі Колледж мен барлық мүдделі тараптар арасындағы қарым-қатынасқа, ол әдептік талаптар мен тәртіп ережелерін сақтауға негізделген. Өзара міндеттемелерді орындау - сындарлы жұмыстың алғышарты болып табылады.

2-тарау. Этикалық қарым-қатынас

2.1. Колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері

2.1.1. Колледж өзіне келесі міндеттемелерді алады:

- адам құқықтарының сақталуы мен құрметтелуін қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптармен барлық қарым-қатынастарының өзара тиімді болуын қамтамасыз етуге тырысады;
- оқыту мен біліктілігін арттыру бағдарламаларына сәйкес өзін-өзі тәрбиелеуге және кәсіби өсуге ұмтылатын қызметкерлердің кәсіби дамуына тең жағдайлар жасайды;
- қызметкерлердің біліктілігі деңгейіне, орындалатын жұмыстың күрделілігі мен сапасына байланысты жұмыс үшін сыйақы төлеуді қамтамасыз етеді;
- нәсілдік, діни, этникалық, жыныстық, жастық, саяси және басқа белгілер бойынша кемсітуге жол бермейді; кадрларды іріктеу және жоғарылату тек біліктілік талаптарына сәйкестік негізінде, кәсіптік қабілеттерін, білімі мен дағдыларын ескере отырып жүзеге асырылады;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлердің қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды, сонымен қатар қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды;
- заңнамада және ішкі құжаттарда белгіленген құпия ақпаратты жария етпеуді қамтамасыз етеді;
- жанжалдар туындаған кезде лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы ашық және сенімді диалог үшін жағдай жасайды, еңбек даулары мен қақтығыстардың алдын алу /болдырмау бағытында профилактикалық шаралар қабылдайды, медиация рәсімдерін қолданады;
- оң нәтиже беретін қызметкерлердің бастамалық идеялары мен ұсыныстарын іске асыру бойынша бағалайды және көтермелейді;
- жекелеген лауазымды адамдар мен қызметкерлерге заңды негіздерден басқа кез-келген артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге, бәріне бірдей мүмкіндіктердің міндетті түрде берілуіне жол бермейді;
- осы процестің кез-келген кезеңінде мүдделер қақтығысынан кейін шешімдер қабылдауға, шешім қабылдайтын лауазымды тұлғадан бастап кез келген қызметкерге дейін жауап береді.

2.3. Мемлекеттік органдар

2.3.1. Колледждің мемлекеттік органдармен өзара әрекеті Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, осы Кодекстің және басқа да ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес, тараптардың тәуелсіздігі негізінде, мемлекеттік органдар тарапынан да, лауазымды тұлғалар және қызметкерлер тарапынан да сыбайлас жемқорлықтың және өзге де заңсыз әрекеттердің алдын алу қағидаттарын сақтай отырып, жүзеге асырылады.

3-тарау. Колледждің жауапты тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері

3.1. Колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:

- мемлекеттік рәміздерге - Мемлекеттік Туға, Мемлекеттік Елтаңбаға, Мемлекеттік Гимнге құрметпен қарайды;
- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілді және басқа тілдерді, салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеуге;
- сыпайы және әдеппен сөйлеу;
- немқұрайлылық пен дөрекілікке төзбеушілік;
- әріптестеріне қолдау мен көмек көрсету;
- әрдайым ауызша алғыс білдіру.

3.2. Колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері келесі міндеттемелерді алады:

- осы Кодексте белгіленген этикалық талаптар мен өзін-өзі ұстау ережелерін мұқият зерделеу, түсіну және адал орындалуын қадағалау;
- өзінің қызметтік функциялары мен міндеттерін адал, кәсіби, тиімді және жауапкершілікпен орындауға;
- мәртебесі мен лауазымына қарамастан, қабылданған міндеттемелер үшін жауап беруге;
- этика мен жүріс-тұрыс ережелерін бұзу фактілері бойынша тергеу жүргізуге көмектесу;
- жеке және заңды тұлғалардың қадір-қасиеті мен ар-намысына әсер етуі мүмкін тікелей немесе жанама сипаттаманы беделін қорғауда бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы бермеу;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін басқару шешімдерін қабылдауға;
- Кодекстің талаптарын адал орындауда үлгі көрсету;
- Колледждің жалпы миссиясы, құндылықтары және қағидаларына сәйкес ұжымға уақыт бөлу;
- қарамағындағы қызметкерлерге кеңес беру және тәлімгер болу;
- шешім қабылдаған кезде ашықтық пен бейтараптық принциптерін басшылыққа алу;
- құпиялылық стандарттарын бұзбай, шешімдер мен актілерді, Колледждің ішкі құжаттарын ескере отырып, уақтылы нақты ақпарат беру;
- Колледж қызметкерлерін этикалық талаптар мен өзін-өзі ұстау ережелерінің сақталмауы туралы алаңдаушылық білдіретін мінез-құлық

мәдениетіне тәрбиелеу. Мысал ретінде этика мен өзін-өзі ұстау ережелерін ұстануға шақыру;

• Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін басқару шешімдерін қабылдауға;

• өз құзыреті шегінде колледждегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мақсатты жұмысты жүргізу;

• өз қызметінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлық заңнамасының нормаларын сақтауды қамтамасыз ету;

• сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар қабылдау;

• колледж қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

• колледж қызметкерлеріне жүктелген міндеттемелердің адал орындалуын қамтамасыз ету;

• қызметтік құпияны жария етпеу, сондай-ақ қызметтік ақпараттарды тарату бойынша шаралар қабылдау;

• жұмыс берушімен іссапар кезінде жоғары тұрған ұйымдарға өтініштермен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы жазбалармен жазбаша келісу.

4-тарау. Мінез ережелері

4.1. Ұжымдық мәдениет

4.1.1. Колледж қызметкерлері әдеп кодексінің талаптарын ескере отырып, колледждегі ұжымдық мәдениетті дамытуға үлес қосуда, басқа әріптестерімен әдеп қағидалары, іскерлік қатынастардың қабылданған ережелері туралы білімдерін ортаға салуда әдеп талаптарын сақтай отырып, құқық бұзушылықтардың алдын алу;

4.1.2. Колледж қызметкерлері ұжымдық рухты қалыптастыруда Кодекс талаптарын келесі жолдармен сақтауы керек:

• қарамағындағы қызметкерлермен жеке түсіндіру кездесулері;

• лауазымды тұлғалардың қарамағындағы қызметкерлерге өз мінез-құлқын үлгі ретінде қолдануы;

• қарамағындағы қызметкерлерге жұмыс орнында тиімділік болуы үшін талап ету туралы жалпы түсінік беру.

4.1.3. Колледж қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттері кезінде іскерлік киім стилін ұстануы.

4.1.4. Колледж қызметкерлерінің келіссөздер кезінде дұрыс және құрметпен сөйлеуі.

4.1.5. Колледждің барлық қызметкерлері ұжымдық ойын-сауық немесе спорттық шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, олар қызметкерлер арасында ұжымдық рухты арттыру мақсатында іс-шараларды өткізу туралы ұсыныстар жасай алады.

4.1.6. Колледж қызметкерлері колледждің құжат айналымы туралы ережелерін сақтауға және барлық қажетті құжаттаманы тәртіппен ұстауға

міндетті. Барлық жұмысшылар жұмыс орнын ұқыпты және іскерлік талапқа сай ұстауы қажет.

4.2. Көпшілікпен қарым-қатынас

4.2.1. Колледж қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста жоғары этикалық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді. Колледжбасшылық құрамның көпшілік алдында сөйлеген сөзінде, оның ақпараттық-жарнамалық материалдарында немесе басқа да қоғамдық қатынастарда жалған ақпарат таратуға, фактілерді жасыруға және/немесе бұрмалауға жол бермейді.

4.2.2. Колледждің уәкілетті лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ғана көпшілік алдында сөз сөйлеуге, Колледж оқиғаларына түсініктеме беруге немесе бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде әлеуметтік желілерде Колледж атынан кез-келген мәлімдеме жасауға құқылы, бұл кезде бұл ашық мәлімдемелер жұмыс берушімен келісіледі.

4.2.3. Колледж атынан сөйлеу кезінде қызметкерлер кәсіби мінез-құлық пен әдеп нормаларын сақтауға, тек сенімді ақпаратты таратуға, сондай-ақ әлеуметтік, нәсілдік және этникалық араздықты қоздыратын ақпараттың таралуына жол бермеуге міндетті.

4.2.3. Колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жалпы колледждің қызметі туралы өз пікірлерін көпшілік алдында білдірмеуі керек, егер ол:

- оқу орны қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келмейтін болса;
- оқу орнының ресми ақпаратын ашады;
- оқу орнының лауазымды тұлғаларына қатысты этикалық емес мәлімдемелерді қамтиды.

4.3. Бақылау шаралары

4.3.1. Колледж қызметкерлері Кодекс талаптарын қатаң сақтауға және талаптардың бұзылғандығы туралы хабарлауға міндетті.

4.3.2. Стратегиялық мақсаттарға жету үшін Колледж қызметкерлері іскерлік шешімдерді іргелі құндылықтар мен этика қағидаттарын ескере отырып қабылдайды және өздеріне жүктелген міндеттердің орындалуына толығымен жауап береді.

4.3.3. Колледж қызметкерлерін көтермелейді және кез-келген сындарлы ұсыныстарға оң көзқараспен қарайды.

4.3.4. Кодекс талаптарына және/немесе жұмыс барысында туындайтын этикалық мәселелерге, сондай-ақ Кодекстің талаптарын бұзу, сыбайлас жемқорлық және басқа заңсыз әрекеттер фактілері бойынша сұрақтармен Колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, сондай-ақ мүдделі адамдар:

- тікелей менеджерге, әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілге;
- Колледж қызметкерлері құқықбұзушылық жағдайларын анықтаған жағдайда, бекітілген әдеп талаптары, шешім қабылдау үшін материалдар кадрлар бөліміне қарауға жіберіледі.

5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әдеп институты

5.1. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің құқықтары мен міндеттері

• Әдеп жөніндегі уәкілді Колледж басшысы 2 жылда бір рет тағайындайды.

• Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің негізгі функциялары - Кодекс ережелерінің сақталмауы туралы ақпарат жинау, қызметкерлер мен лауазымды адамдарға Кодекстің ережелері бойынша кеңес беру, Кодекс ережелерін бұзу туралы дауларды қозғау және оларға қатысу.

5.2. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің:

• келіп түскен өтініштер негізінде де, өз бастамалары бойынша да Кодекстің құқықбұзушылықтарын анықтау рәсімдерін бастауға;

• Кодекске сәйкес келмейтін мәселелер бойынша қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға жеке жүгінуге;

• қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға Кодекстің ережелерін түсіндіру және түсіндіруді қамтамасыз ету.

5.3. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл:

• Кодекстің талаптарын бұзу туралы дауларды қарау шарттары кезеңінде қызметкерлерді қорғауды (еңбек заңнамасында белгіленген рәсімдер шеңберінде), егер мұндай істерді қараудың басталуына байланысты оларды мәжбүрлеп жұмыстан шығаруға жағдай жасалса;

• Кодекске сәйкес келмейтін мәселелерді қарауға қатысу;

• қызметкерлерден, лауазымды тұлғалардан, сондай-ақ іскерлік серіктестерден және мүдделі тараптардан Кодекстің ережелерін сақтамау туралы есебін жүргізуге;

• 5 (бес) жұмыс күні ішінде Колледж қызметкерлеріне олардың талаптары бойынша Кодекс ережелеріне түсініктемелер береді;

• Кодексті сақтамау туралы дауларды шешуде нақты шешім шығарар алдында жан жақты қарастыру;

• Кодекстің ережелерін бұзғаны үшін жүгінген қызметкердің, лауазымды тұлғаның жасырын болуын қамтамасыз ету (егер ол жасырын қалғысы келсе).

6-тарау. Қорытынды

6.1. Колледждің менеджментін жаңарту және жетілдіру мақсатында ол осы Кодекстің талаптарын қайта қарайды және жетілдіреді, олардың іс жүзінде қаншалықты жүзеге асырылатындығын талдайды, қажет болған жағдайда мүдделі тараптардың ұсыныстары мен ұсынымдарын ескере отырып, оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

6.2. Кодекстің іске асырылуын іс жүзінде қолдану үшін қажетті ұсынымдарды белгіленген тәртіппен қарауға ұсынуға және бекітуге болады.

7-тарау. Жауапкершілік

7.1. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, еңбек шартына, осы Кодекске, сондай-ақ жұмыс беруші анықтаған шешімдер мен актілерге сәйкес жауап береді.